ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:29.08-02.09.2022

Дене шынықтыру нұсқаушы:Таубай П

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		29.08.2022ж.	30.08.2022ж.	31.08.2022ж.	01.09.2022ж.	02.09.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				

<table>
<tr><td rowspan="2">Таңғы жаттығу</td><td rowspan="2">08.00 - 08.45</td><td colspan="5">ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ
1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.
Бастапқы қалып, аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.
Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз.
Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз.
Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)
2."Шапалақтаймыз"
Бастапқы қалып, аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.
Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.
Бір..(балалар қолдарын көтереді)
Екі..(балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау)</td></tr>
<tr><td>Жазғы сауықтыру</td><td></td><td>Жазғы сауықтыру</td><td>Қимылды қозғалыс ойындары
"Саппен жүру жаттығуы".
Балалардың</td><td>Тыныс алу жаттығуы
«Шарды үрлейміз»
Мақсаты: тыныс алу</td></tr>
</table>

					сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша.	жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: бала шарды алып, алдымен қатты, сонан соң жаймен үрлейді.

					Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залды дымқыл тазалау" (тәрбиешінің көмегімен)				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	**Жазғы сауықтыру**		**Жазғы сауықтыру**	**Дене шынықтыру** "Қатар түзеп сапқа тұру" Мақсат-міндеттері. Балаларды қатар түзеп, сапқа бір-	**Дене шынықтыру** "Ұйымшыл балалар". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бір-

					бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету. **"Кенгуру" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Кенгуру сияқты екі аяқпен бірге секірудің негізгі тұрысын көрсету және кенгуру сияқты екі аяқпен бірге секіруді үйрету.	бірлеп жүру; заттардың арасымен доптарды домалатуды үйрету. **"Заттардың арасымен" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Кеглилер, текшелер және басқа да заттардың арасынан допты домалатуды үйрету.
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке				

		жұмыс.
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, перспективалық жоспарларды, циклограммаларды жазу.

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:05.09-09.09.2022ж

Дене шынықтыру нұсқаушы: Таубай П

Ч	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		05.09.2022ж.	06.09.2022ж.	07.09.2022ж.	08.09.2022ж.	09.09.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				

<table>
<tr><td>Таңғы жаттығу</td><td>08.00 - 08.45</td><td>ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ
1. "Биік үй саламыз" жаттығуы.
Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.
1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру ""Биік үй саламыз"" деп айтқызу.
2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).
2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы.
Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде.
1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру ""Кірпіштерді қалаймыз"" деп айтқызу.
2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).
3. "Шеге қағамыз" жаттығуы.
Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.
1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.
2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет)."
<table><tr><td>Кіріспе жаттығулары, қайта құрылу
1. Залда еркін</td><td>Қимылды ойындар
"Түлкі мен балапандар"</td><td>Тыныс алу жаттығулары
"Түлкіні тап"</td><td>Қозғалмалы ойындары
“Құстар мен мысық”,</td><td>Ритмикалық жаттығулар
"Отбасыда" ритмикалық</td></tr></table></td></tr>
</table>

		жүру. 2. Шеңбер бойымен бірінен соң бірі жүру; 3. Қолдары белде, аяқтарының ұшымен жүру. 4. Бірінен соң бірі жеңіл жүгіру. 5. Қолдар шынтақта бүгулі, өкшелерімен жүру. 6. Жүгіру. 7. Тыныс алуды қалпына келтіруге арналған жаттығу. 8. Залда, педагогке қарап, тұрып орналасу.	қимыл ойыны. Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7- 8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "түлкі" етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетпердке кигізіп ойын ойналады. Ойында балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін,тәрбиеші	ойыны. Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде	“Қарғалар” (мөлшері 2-3рет). Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын,	жаттығуы. Мақсаты. Балаларды көркем сөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отабсы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру. - Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру). Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан

			көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.	тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады.	белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.	жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру). Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау) Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею). Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды

						кеудеге қойып, оң-солға еңкею).
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залды дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	**Тақырыбы** Достар жұптары". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету. **"Баскетбол" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты кеуде тұсынан жоғары ұстап, баскетбол торына дәлдеп лақтыруды үйрету.		**Тақырыбы** Бір-бірден қатарға тұру". Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірден қатарға тұруды үйрету. **"Күнді ұтып алайық!" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты		**Тақырыбы** Қатардан қалма". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруді үйрету. **"Кедергілерден өт" қимылды ойыны.**

		"		нысанаға дәлдеп лақтыруды үйрету.		Мақсат-міндеттер. Кедергілердің арасынан еңбектеп жүруді үйрету.
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15- 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Тексерілді

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:.12.09-16.09.2022ж

Дене шынықтыру нұсқаушы :Таубай П

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		12.09.2022ж.	13.09.2022ж.	14.09.2022ж.	15.09.2022ж.	16.09.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 -	**ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ**				

	08.45	1 – Бастапқы қалып – негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру. 1.1. – қолды жан-жаққа созып, жоғары көтеріп, саусақтарды қимылдатып, ""Жалауды желбірейік"" деп айту, демді ішке тарту. 1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып – аяқтарды сәл алшақ қойып, қолдарды төмен түсіріп тұру. 2.1. – басты оңға иіп, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету. 2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу. 2..3. – басты солға иіп, қолды сырғытып төмен түсіріп, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау. 2.4. – Бастапқы қалыпға оралу (3 рет қайталау). 3. Бастапқы қалып – аяқтарды бірге қойып, қолдарды төмен түсіріп тұру. 3.1. – жерге отырып, қолды жанына қою, жалауларды желбірету. 3.2. – Бастапқы қалыпға келу. 3.3. – жерге отырып, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету. 3.4. – Бастапқы қалыпға келу (3 рет қайталау).				
		Кіріспе жаттығулары, қайта құрылу	**Қимылды ойындар** "Сары күнге	**Тыныс алу жаттығулары** «Мақтаны	**Қозғалыс ойындары** "Қояндар мен	**Ритмикалық жаттығулар** "Құмырсқалар"

		1. Залда еркін жүру. 2. Қуыршақтарды құрсауға отырғызу. 3. - шеңбер бойымен бірінен соң бірі жүру; - қолдары белде, аяқтарының ұшымен; - бірінен соң бірі жеңіл жүгіру; - қолдар шынтақта бүгулі, өкшелерімен жүру; 4. Қуыршақтарға қалай жүгіруге болатындығын көрсетейік. 5. Тыныс алуды қалпына келтіруге	ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. - Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз	ұшырайық» Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: ақ ұлпа жұмсақ мақталарды терең дем алу арқылы балалар үрлеп ұшырады .	қасқыр". Мақсаты: балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру.	ритмопластика. Мақсаты: кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін жетілдіру, зейінді жаттықтыру. Барысы: педагогтің шапалағымен балалар залдың айналасында ретсіз қозғала бастайды, басқа балалармен соқтығыспай және үнемі бос кеңістікті толтыруға тырысады.

		арналған жаттығу. Ескерту: ұялшақ балаларды немесе балабақшаға жаңадан келгендерді қолынан алып, бірге жүреді.	"сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залды дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	**Тақырыбы:** Қатарда жүру түрлері". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатарға		**Тақырыбы:** Бір орнынан биікке секіру". Мақсат-міндеттері.		**Тақырыбы:** "Шынықсаң - шымыр боласың". Мақсат-

		бір-бірден тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын дамыту; орындықта көлденеңінен еңбектеуді үйрету		Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруді үйрету. **"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойын ойнауды үйрету, жылдам жүгіруді дамыту		міндеттері. Балаларға құрсауларды домалатуды үйрету. **"Көңілді еңбекте" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Орындықта еңбектеу дағдысын үйрету
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				

Өзіндік жұмыс	12.15-13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:19.09-23.09.2022ж

Дене шынықтыру нұсқаушы:Таубай П

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		19.09.2022ж.	20.09.2022ж.	21.09.2022ж.	22.09.2022ж.	23.09.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 -	**ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ**				

<table>
<tr><td></td><td>08.45</td><td colspan="5">1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.
1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.
1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру,
екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).
2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру.
2–1 жерге отыру, допты жерге қою.
2–2 бастапқы қалыпқа келу;
2–3 жерге отыру, допты жерге қою;
2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);
3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.
3–1 еңкею, допты жерге қою.
3–2 бастапқы қалыпқа келу;
3–3 еңкею, допты жерге қою;
3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>Кіріспе жаттығулары, қайта құрылу</td><td>Қимыл-қозғалыс ойындары</td><td>Тыныс алу жаттығулары
«Мұрынмен</td><td>Қозғалыс ойындары
"Кім жылдам",</td><td>Ритмикалық жаттығулар
"Паровоз"</td></tr>
</table>

		Балаларды шеңбер бойымен оң және солға қарай аяқтың ұшымен, өкшемен, жартылай жүрелей отырып, баяу және шапшаң жүргізу, жүгірту, қоян сияқты секірту; Қолдағы білезіктерін айналдырып, қолдарымен қоянның құлағын көрсете отырып, саусақтарын қимылдату; иықты алға және артқа созып, жоғары көтеріп, төмен түсіруді алмастыра орындап жүгіру.	"Қояндар мен қасқыр". Мақсаты: балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру.	дұрыс тыныста, ауызбен дұрыс дем шығар» Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: Балалар мұрынмен терең тыныс алып, ауызбен ауаны ұртқа жинамай, жәйменен дем шығарады.	"Батпырауық және тауық". Мақсаты: жүгіру, көтерілу, секіру қабілеттерін жетілдіру; реакцияны дамыту.	- Паровоз баста алға, - Бәрімізді басқар да! - Пш-пш, пш-пш! - біз кеттік, - Жүрісті біз гулеттік. - Жүрісті біз гулетіп. - Гу-гу, гу-гу, гуілдеп - Қалып қойма бірің де - Пш-пш, пш-пш! - біз кеттік, - Жүрісті біз үдеттік.
Ұйымдастырыл	08.50 -	"Атрибуттарды дайындау, залды дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"				

ған іс-әрекетке дайындық	09.00					
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	Тақырыбы Біз алғырмыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға аяқтың ұшымен жүгіруді; гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. **"Гимнасшылар" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық орындықтың үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.		Тақырыбы: "Бөренемен төрттағандап жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі қатармен жүруді жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауды үйрету. **"Арқан тарту"**		**Тақырыбы** **"Кедергіден өту амалдары".** **Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта) үйрету.** **"Секірейік көңілді" ойыны.** **Мақсат-міндеттері. Бір орында тұрып секіруді үйрету**

				қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойнауды үйрету. Қимыл ептілігі мен шапшаңдықты дамыту.		
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15-13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Тексерілді

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:26.09-30.09.2022ж

Дене шынықтыру нұсқаушы :Таубай П

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		26.09.2022ж.	27.09.2022ж.	28.09.2022ж.	29.09.2022ж.	30.09.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				

Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	**ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ** 1."Зырылдауық" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен. 1 - қолды екі жаққа созу. 2 - екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р" деп айту. 3 - екі жаққа созу. 4 - бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу. Бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру (5 рет). 2. "Тізені шапалақтау" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта. 1 - 2 - оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт"деу. 3 - 4 - бастапқы қалып.(5 рет). 3. "Созыл" жаттығуы. Бастапқы қалып: өкшеде отыру, қол иықта. 1 - 2 рет тізеге көтерілу (тұру), қолды жоғары созу, созыла жоғары қолға қарау. 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (4-5 рет). 4. "Сағаттың тілі" жаттығуы.

		Бастапқы қалып: аяқты айқастыра отыру, қол белде. 1 - оңға еңкейіп "тик" деу. 2 - бастапқы қалыпқа келіп, "так" деу. 3 - солға еңкейіп,"тик" деу. 4 - бастапқы қалыпқа келіп, "так" деу. (6 рет).				
		Кіріспе жаттығулары, қайта құрылу 1. Топпен жүру және жүгіру. 2. Жүру және жүгіру (кезектесіп). 3. Залдың бүкіл аумағын пайдаланып, жүруге және жүгіру. 4. Жол бойымен жүру - екі сызық	**Қимылды ойын** "Доға астынан" Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісінен кейін балалар доға астынан еңбектеп өтеді де, артқа қ	**Тыныс алу жаттығулары** «Жалаушаларды ұшыру, көкке көтеру» Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: түрлі-түсті кішкентай жалаушаларды балалар үрлеп	**Қимылды қозғалыс ойындары** "Жалауға жүгір" Мақсаты. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.	**Ритмикалық жаттығулар** Түзел, тік тұр Орнында адымда Әуенменен адымдауды бастаймыз, бастаймыз Алға аттап нық қадамдар жасаймыз, жасаймыз Оң аяқты, сол аяқты көтеріп,

		арасында (ені 35 - 30 см).		ұшырады..	- Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк). - Жарайсыңдар. - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар! Педагог кезегімен үш	көтеріп Қолды сермеп, қашықтықты сақтаймыз Оң аяқты, сол аяқты көтеріп, көтеріп Қолды сермеп, қашықтықты сақтаймыз

					жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог дауыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залды дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"				

Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	Тақырыбы "Кедергілерден өту ойындары". Мақсат-міндеттері. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету. **"Доп кімде?" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Допты төменнен жоғары лақтыруды үйрету.		Тақырыбы "Саршұнақтай жылдам болайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру. "Саршұнақ" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру дағдыларын дамыту		Тақырыбы "Күздің қызықтары". Мақсат-міндеттері. Балаларға жүруді секірумен кезектестіруді үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуді үйрету. "Басына қап қою" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Денесін тік ұстап жүруді үйрету

Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.
Өзіндік жұмыс	12.15-13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.

Тексерілді

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:03.10-07.102022ж

Дене шынықтыру нұсқаушы: Таубай П

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		03.10.2022ж.	04.10.2022ж.	05.10.2022ж.	06.10.2022ж.	07.10.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				

Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	**ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ** "1. Бастапқы қалып – негізгі тұрыс. Бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру. 1–1– қолды екі жаққа созу ""Тамаша!"" деп айту. 1–2 – қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру ""Күн қандай әдемі!"" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу ""Тамаша!"" деп айту; бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау). 2. Бастапқы қалып – қолды алға созып, қашықтықта бір–біріне теріс қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей. 2–1 – қолды жібермей ұстап оңға бұрылу ""Күлейік!"" деп айту. 2–2 – солға бұрылып, ""Күлейік!"" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). 3. Бастапқы қалып – қолды алға созып, қашықтықта бір-біріне қарап тұру, аяқ, иық деңгейімен бірдей. 3–1 – қолды жібермей, бір жұп секіреді ""Секіреміз доптай!"" деп айту. 3–2 – қолды жібермей, екінші жұп секіреді, ""Секіреміз доптай!"" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). "

		Кіріспе жаттығулары, қайта құрылу 1. Біріңнің соңыннан бірің жүріңдер. (жүгіріңдер). 2. Бір-біріне параллель екі сызықтың арасында тура бағытта жүру және жүгіру. 3. Таяқтың аттап өту. Тыныс алуды қалпына келтіру жаттығуы «Біздің мұрындар тыныс алады».	**Қимылды ойын** "Допты досына бер" Мақсаты: қимылдарды ырғақты түрде орындау қабілетін дамыту, сонымен қатар белгі бойынша допты беру, денені оңға және солға бұру, қозғалмалы нысанаға лақтыру, лақтырумен жүгіру, шеңберге салу дағдыларын	**Тыныс алу жаттығулары** «Жапырақтарды ұшыр» Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару арқылы кішкентай жапырақтарды үрлеп ұшыру.	**Қимылды қозғалыс ойындары** "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін	**Ритмикалық жаттығулар** "Қайшы" Қолымызды алшақ алып тұрамыз, қайшы болып қағаздыда қиямыз Қолды соз, шыңтақты бүкте Жаттығу қиын емес, түкте Қолды соз, шыңтақты бүкте Жаттығу қиын емес, түкте Қолды соз, шыңтақты

			бекіту. Барысы: балалар бір-бірінен бір қадам қашықтықта шеңберде тұрады. Педагог допты ойнаушылардың біріне береді. Педагогтің белгісі бойынша, балалар допты бір-біріне бір бағытта бере бастайды.		жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.	бүкте Жаттығу қиын емес, түкте
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залды дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"				
Ұйымдастырыл	09.00 -	**Тақырыбы**		Т**ақырыбы**		**Тақырыбы**

ған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.15	"Күзгі жолдар үстіндегі ойындар". Мақсат-міндеттері. Балаларды кішкентай және үлкен қадаммен жүгіру; көлденең тақтайда еңбектеуді үйрету. "Көңілді еңбекте" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Тақтайда еңбектеуді үйрету.		"Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауды үйрету. **"Чемпион" қимылды ойыны.**		"Тақтайдың үстімен қалай жүреміз?" Мақсат-міндеттері. Балаларға екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруды үйрету. **"Кім шақырғанын**

				Мақсат-міндеттері. Еңкіс тақтайдың үстімен қатарласып жүруді үйрету		**анықта!" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Досын дауысынан тануды үйрету. Еске сақтауды, есту зейінін дамыту
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15-13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Тексерілді

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:10.10-14.10.2022ж

Дене шынықтыру нұсқаушы :Таубай П

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		10.10.2022ж.	11.10.2022ж.	12.10.2022ж.	13.10.2022ж.	14.10.2022ж.
Таңғы жаттығуға	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				

дайындық		
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	**ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ** "1. Бастапқы қалып – негізгі тұрыс. Бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру. 1–1– қолды екі жаққа созу ""Тамаша!"" деп айту. 1–2 – қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру ""Күн қандай әдемі!"" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу ""Тамаша!"" деп айту; бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау). 2. Бастапқы қалып – қолды алға созып, қашықтықта бір–біріне теріс қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей. 2–1 – қолды жібермей ұстап оңға бұрылу ""Күлейік!"" деп айту. 2–2 – солға бұрылып, ""Күлейік!"" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). 3. Бастапқы қалып – қолды алға созып, қашықтықта бір-біріне қарап тұру, аяқ, иық деңгейімен бірдей. 3–1 – қолды жібермей, бір жұп секіреді ""Секіреміз доптай!"" деп айту.

		3–2 – қолды жібермей, екінші жұп секіреді, ""Секіреміз доптай!"" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). "				
		Кіріспе жаттығулары, қайта құрылу 1. Біріңнің соңыңнан бірің жүріңдер. (жүгіріңдер). 2. Бір-біріне параллель екі сызықтың арасында тура бағытта жүру және жүгіру. 3. Таяқтың аттап өту. Тыныс алуды қалпына келтіру жаттығуы «Біздің мұрындар тыныс алады».	**"Допты дәлдеп лақтыр" қимыл ойыны.** Педагог балаларды екі топқа бөліп, допты белгіленген нысанаға лақтырудың негізгі нүктесін көрсетіп және қалай лақтыру керегін тағы да балалардың есіне салады. Доп лақтырушы балалар негізгі нүктеден шықпай, допты ережеге сай	**Тыныс алу жаттығулары** Тыныс алу жаттығулары "Мені асықпай қуып жетіңдер" ойыны. Педагог қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіріп, дем алу, дем шығару жаттығуларын жасайды. Сол арқылы балалар да педагогқа еліктеп,	**Қимылды қозғалыс ойындары** "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын,	**Ритмикалық жаттығулар** Мақсаты. Балаларды мәтінді педагогтан кейін айта отырып, жаттығулар жасауға үйрету. Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. 1, 2, 3, 4, 5 Секіреміз,

			дәлдеп лақтырулары тиіс. Допты нысанаға дәлдеп лақтырған топ балалары жеңіске жетеді.	жаттығуларды қайталайды.	кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.	Айналамыз, Жаттығу жасаймыз!
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залда дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз!" Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта бір-бірден жүгіруді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді үйрету.		"Допты қақпаға дәлдеп домалату". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта денесін тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!",		**Дене шынықтыру** "Епті баламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға табан мен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеуді

		"Өрт сөндірушілер" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың гимнастикалық қабырғаға көтерілу және қайтадан төмен түсу дағдыларын жетілдіру.		"Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру. **"Доптан сақтан" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қимыл жылдамдығын, нысананы көзбен көздеуді дамыту.		үйрету. "Кешігіп қалма" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Еңбектеу, жүгіру дағдыларын бекіту. Қимыл жылдамдығы мен ширақтығын дамыту
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке				

		жұмыс.
Өзіндік жұмыс	12.15-13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:17.10-21.10.2022ж

Дене шынықтыру нұсқаушсы: Таубай П

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		17.10.2022ж.	18.10.2022ж.	19.10.2022ж.	20.10.2022ж.	21.10.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 -	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ				

	08.45	1. Б.қ.аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалаулармен беттерін жауып "тауып ал" деген сөзді айтады. 1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, жалаулармен умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады. 2.2. Б.қ. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Б.қ. жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқадан жатып, жалауларын беттерін жауып "ұйықтайық" дейді. 3.2. Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Б.қ. аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Жалауларын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады).				
		Кіріспе жаттығулары, қайта құрылу Балалар музыка әуенімен бірінің	**"Кенгуру" қимылды ойыны** Педагог балаларды екі	**Тыныс алу жаттығулары** "Шар" Қолға алып, желі жоқ әуе	**Қимылды қозғалыс ойындары** "Аңшылар мен қояндар"	**Ритмикалық жаттығулар** Аяқпенен топ – топ – топ, Алақанмен

		артынан бірі шеңбер жасап жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүреді және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреді, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түседі және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүреді.	топқа бөліп, белгіленген межеге дейін кенгуру секілді қос аяқтап секіру керегін айтады. Екі топтан бір-бір баладан шығып, орындарында 5-ке дейін санап секіріп, әрі қарай межеге жетуілер тиіс. Ойын 2-3 айналымды құрайды. Негізгі қимыл жаттығуы болатын бір орында тұрып қос аяқтап	шарын, Үрлейміз шарымыз дәу болғанша. Дем алып, мұрынмен дем шығарып, Үрлейміз ішіне жел толғанша. Дем алып, мұрынмен дем шығарып, Үрлейміз ішіне жел толғанша.	қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	хлоп – хлоп – хлоп. Бір оңға, бір солға, Айналайық кел мұнда. Қолымызды бір сілтеп, Басымызды шайқайық. Бір оңға, бір солға Ойнайықшы кел мұнда. Секіреміз жоғары, Қиын емес секіру. Бір оңға, бір солға

			секіруді пысықтау мақсатында "Қорқақ қоян" ойыны ұйымдастырылады. Балалар екі топқа бөліне отырып, айналасы өсімдіктермен безендірілген шалғынның үстіндегі сәбіздерге қос аяқтап секіріп барып, сәбізге жеткенде қуаныштан бір орында қосаяқтап секірулері тиіс. Балалар педагогтің белгі			Секірейік кел мұнда. Бір оңға, бір солға Секірейік кел мұнда.

			беруі бойынша қосаяқтап секіреді, әр топтан сәбізге жеткен бала көп ұпай жинайды. Қай топтың балалары тапсырманы ережеге сай орындаса, сол топ жеңімпаз атанады. Тапсырма 4-5 рет қайталанады.			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залда дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	09.00 - 09.15	**Тақырыбы:** Мергендер		**Тақырыбы:** "Алға жүрелеп		**Тақырыбы:** Арақашықты

09.00 - 11.00		жарысы". Мақсат-міндеттері. Балаларға саптағы орындарын өзгертіп қайта тұруды; 2–3 м қашықтықтан алға ұмтыла екі аяқпен секіруді үйрету. "Алыптар мен құртақандар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Қимыл үйлесімділігін дамыту, аяқтың ұшымен және жартылай отырып жүруді кезектестіруді үйрету.		жылжу". Мақсат-міндеттері. Алға жүрелеп жылжи отырып, екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап секіруді үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру. "Торғай мен мысық" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері.		сақтау амалдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға бұдыры бар тақтаймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауды; 1,5-2 метр арақашықтықтан кеглилерді қағып түсіруді үйрету. "Екі аяқпен секір" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Межеге дейін екі аяқпен бірге

				Ереже бойынша ойын ойын ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығы мен шапшаңдығын дамыту		секіріп жетуді үйрету.
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15-13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Тексерілді

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:22.10-28.10.2022ж

Дене шынықтыру нұсқаушы :Таубай П

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Сенбі**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		22.10.2022ж.	24.10.2022ж.	25.10.2022ж.	26.10.2022ж.	27.10.2022ж.	28.10.2022ж.
Таңғы жаттығуға	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық					

<table>
<tr><td>дайындық</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Таңғы жаттығу</td><td>08.00 - 08.45</td><td>ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ
1. "Допты қой" ойыны.
Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.
1 – екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.
2 – бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру.
екі қолды жан-жаққа созу
4 – бастапқы қалыпқа келу (3 рет).
2. "Допты бер" ойыны.
Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру.
1 – жерге отыру, допты жерге қою.
2 – бастапқы қалыпқа келу.
3 – жерге отыру, допты жерге қою.
4 – бастапқы қалыпқа келу (4 рет).
<table><tr><td>Кіріспе жаттығулары, қайта құрылу</td><td></td><td></td><td>Тыныс алу жаттығулары
«Мақтаны</td><td>Қимылды қозғалыс ойындары</td><td>Ритмикалық жаттығулар
"Құмырсқала</td></tr></table></td></tr>
</table>

		Балалар музыка әуенімен бірінің артынан бірі жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүреді, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреді, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түседі және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүреді.			ұшырайық» Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: ақ ұлпа жұмсақ мақталарды терең дем алу арқылы балалар үрлеп ұшырады .	"Аю" қимыл ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен аю сияқты белгіленген межеге дейін жүру керегін айтады. Екі топтан бір-бір баладан шығып, екі қолды екі жаққа жіберіп, еңіс тақтайдың үстімен жүрер	р" ритмопластика. Мақсаты: кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін жетілдіру, зейінді жаттықтыру. Барысы: педагогтің шапалағымен балалар залдың айналасында ретсіз қозғала бастайды, басқа балалармен соқтығыспай

						алдында аю сияқты ақырып, межеге дейін жүріп өтулері тиіс. Ойын 2-3 айналымды құрайды.	және үнемі бос кеңістікті толтыруға тырысады.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залда дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"					
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	**Тақырыбы:** "Саптарда кім бар?" Мақсат-міндеттері. Балаларға тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп алып, тақтай			**Тақырыбы:** "Кедергілерден секіру". Мақсат-міндеттері. Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен оң		Т**ақырыбы:** "Кедергілерден сүрінбей өтіп көр". Мақсат-міндеттері. Балаларға қимылды ойындар арқылы

		бойымен жүруді үйрету. "Ұйқыдағы түлкі!" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту.			және сол аяқпен кезек секіру дағдысын үйрету. "Қоян" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Қимылдарын қайталап көрсетуді үйрету. Еске сақтау, зейін, қимыл ептілігін дамыту.		әртүрлі бағытта жүгіруді; допты екі қолымен бастан асыра кедергінің үстіне лақтыруды үйрету. "Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жерде домалап жатқан допты жүгіріп келіп алу, допты жоғарыдағы

							себетке лақтырып кіргізу.
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.					
Өзіндік жұмыс	12.15-13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.					

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:31.10-04.11.2022ж

Дене шынықтыру нұсқаушы: Таубай П

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		31.10.2022ж.	01.11.2022ж.	02.11.2022ж.	03.11.2022ж.	04.11.2022ж.
Таңғы жаттығуға	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				

<table>
<tr><td>дайындық</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Таңғы жаттығу</td><td>08.00 - 08.45</td><td>Жалпы дамыту жаттығулары (орамалмен).
1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады.
1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).
2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалдарын умаждап ""жуамыз"" деген сөзді айтады.
2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).
3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде.
3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ""ұйықтайық"" деген сөзді айтады.
3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).
4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.
4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.
4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).
Негізгі қимылдар | "Орамал" қимыл- | Тыныс алу | Қимылды қозғалыс | Ритмикалық</td></tr>
</table>

		1) еденде тұрған тақтаймен өрмелеу; 2) алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру.	**қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды	**жаттығуы** «Шарды үрлейміз» Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: бала шарды алып, алдымен қатты, сонан соң жаймен үрлейді.	**ойындары** "Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: ауыспалы қадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру мен қағып алуға жаттықтыру.	**жаттығулар** Қолдарыңды көтеріңдер - бір дейік. Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік. Қолды создық, басты бұрдық - екі деп, Қозғалыспен әрбір адам жетіледі. Алға, артқа қарадық та - үш дедік. Тағы жаңа жаттығулар істедік. Түсірейік қолды төрт пен бесті

			артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала,			айтып, Отырайық көңілді енді марқайтып.

			орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залда дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Кедергілерден секіру". Мақсат-міндеттері. Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен оң және сол аяқпен кезек-кезек секіру дағдысын үйрету. **"Қоян" қимылды**		"Кедергілерден сүрінбей өтіп көр". Мақсат-міндеттері. Балаларға қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта		"Озамын десең - зерек бол". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұруға; 1-1,5 минут ішінде баяу

		ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірін тұрғызып, қоян сияқты жүгіріп келіп, сәбіз жегендей қимылдарды үйрету.		жүгіруді; допты екі қолымен ұстап, бастан асыра кедергінің үстінен лақтыруды үйрету. **"Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Жерде домалап жатқан допты жүгіріп келіп алу, допты жоғарыдағы себетке лақтырып салу		қарқынмен үздіксіз жүгіруге үйрету. **"Тордан допты өткізу" ойыны.** Мақсат-міндеттер

Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.
Өзіндік жұмыс	12.15-13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру
Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:07.11-11.11.2022ж

Дене шынықтыру нұсқаушы :Таубай П

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Четверг	Жұма
		07.11.2022ж.	08.11.2022ж.	09.11.2022ж.	10.11.2022ж.	11.11.2022ж.

Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	"Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, ""желбіре"" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, ""желбіре"" деген сөзді айтады. 1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп ""жаса"" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп ""тербе"" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып: (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.

		4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады)."				
		Негізгі қимылдар 1) таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу; 2) алға жылжи отырып, таяқ астынан тізе мен саусақты тіреп төрт тағандап еңбектеу.	**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.	**Тыныс алу жаттығулары** «Мақтаны ұшырайық» Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: ақ ұлпа жұмсақ мақталарды терең дем алу арқылы балалар үрлеп ұшырады .	**Қимылды қозғалыс ойындары** "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам	**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр!

					жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді	Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)

					жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап	

					алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.	

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залда дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	**Тақырыбы** "Пингвин сияқты секіру". Мақсат-міндеттері. Құм салынған қапты басына қойып, текшелерден аттап өту және құм салынған қапты екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты екі аяқпен бірге секіру дағдысын үйрету. **"Пойыз" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Музыка әуенінің ырғағына еріп,		**Тақырыбы** "Сан түрлі секіре аламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуді үйрету. **(дене шынықтыру)** **"Ирелеңдеген**		**Тақырыбы** Ойын шартын ұстанайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуге үйрету. **"Өрт сөндірушілер" қимылды ойыны.**

		барлығы қатармен жүру		**соқпақ жол" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Көздерін жұмып немесе орамал байлаған қалыпта кегли арасымен жүруге дағдыландыру.		Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуге дағдыландыру
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15-13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Тексерілді

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022- 2023 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы

Іс-әрекет:Дене шынықтыру

Тобы: «Құралай» «Алан» «Маулен» ересек топтар

Балалардың жасы:4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:14.11-18.11.2022ж

Дене шынықтыру нұсқаушы :Таубай П

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		14.11.2022ж.	15.11.2022ж.	16.11.2022ж.	17.11.2022ж.	18.11.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				

<table>
<tr><td>Таңғы жаттығу</td><td>08.00 - 08.45</td><td colspan="5">"Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).
1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.
1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).
2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.
2.2. Бастапқы қалыпқа келу.
2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.
2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).
3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.
3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.
3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).
4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.
4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.
4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады)."</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>"Кім спортшы?" жаттығуы.</td><td>"Үшінші артық" қимыл-</td><td>Тыныс алу жаттығулары</td><td>Қимылды қозғалыс</td><td>Ритмикалық жаттығулар</td></tr>
</table>

		Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау) Жаттығуда адымда. Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алға еңкею) Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтереміз,	**қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі	Тыныс алу жаттығулары "Мені асықпай қуып жетіңдер" ойыны. Педагог қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіріп, дем алу, дем шығару жаттығуларын жасайды. Сол арқылы балалар да педагогқа еліктеп, жаттығуларды қайталайды.	**ойындары** "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын	**"Дене мүшелері" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақату; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою) Бәрі осыдан басталған.

		қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру) Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау) Бізде бәрі тамаша! Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау) Аударған А. Кокенова.	бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша		дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең	Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек - кезек екі жаққа сермеу Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап)

			балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен		айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп	

			тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.		апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау, залда дымқыл тазалау (тәрбиешінің көмегімен)"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	Тақырыбы: "Бір жанымен, шапшаң қадаммен жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта		Тақырыбы: "Аңдардың жүрістеріне еліктейік". Мақсат-		Тақырыбы: "Ойын жүргізуші". Мақсат-міндеттері.

Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	"Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, ""желбіре"" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, ""желбіре"" деген сөзді айтады. 1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп ""жаса"" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.				

		3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп ""тербе"" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып: (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады)."				
		Негізгі қимылдар 1) таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу; 2) алға жылжи отырып, таяқ астынан тізе мен саусақты тіреп төрт тағандап еңбектеу.	**"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.	**Тыныс алу жаттығулары** «Мақтаны ұшырайық» Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: ақ ұлпа жұмсақ мақталарды терең дем алу арқылы балалар үрлеп ұшырады .	**Қимылды қозғалыс ойындары** "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады	**"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын!

					(таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "ояның",	Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру)

					"балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	" Мен епті баламын". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік		"Мен епті баламын" пысықтау. " Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүргенде		"5 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқ лақтыру" Мақсат-міндеттері. Балаларға 5 метр

		тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыруды үйрету.		қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыруды үйретуді пысықтау		қашықтықтан тік нысанаға таяқ лақтыруды үйрету.
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалды даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 14.11 - 18.11.2022ж.
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Четверг	Жұма
		14.11.2022ж.	15.11.2022ж.	16.11.2022ж.	17.11.2022ж.	18.11.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	"Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен). 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.				

		3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады)."				
		"Кім спортшы?" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау) Жаттығуда адымда. Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алға еңкею)	**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы	**Тыныс алу жаттығулары** Тыныс алу жаттығулары "Мені асықпай қуып жетіңдер" ойыны. Педагог қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіріп, дем алу, дем шығару жаттығуларын жасайды. Сол арқылы балалар да педагогқа еліктеп, жаттығуларды қайталайды.	**Қимылды қозғалыс ойындары** "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі.	**Ритмикалық жаттығулар "Дене мүшелері" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақату; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою) Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі

		Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру) Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау) Бізде бәрі тамаша! Спорттшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау) Аударған А. Кокенова.	шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы		Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір	алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек - кезек екі жаққа сермеу Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап)

			қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.		баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Мергендікті шыңдайық""Мергендікті шыңдайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м) жүгіруді үйрету		"Түрлі нысандарды көздеп түсіру""Түрлі нысандарды көздеп түсіру". Мақсат-міндеттері. Балаларға адымдап алға қарай жүру; доғаның астымен қолына допты ұстап еңбектеу (биіктігі 50 см); тепе-теңдікті сақтай отырып, орындықтың үстімен		"Алға жылжи отырып бір аяқпен секіру""Алға жылжи отырып бір аяқпен секіру". Мақсат-міндеттері. Балаларды алға жылжып, бір аяқпен секіру, екінші аяқпен

				текшелерден аттап жүруді үйрету.		үрмелі допты алға домалатуды үйрету.
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалды даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2**1.11 - 25.11.2022ж.**
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Четверг	Жұма
		21.11.2022ж.	22.11.2022ж.	23.11.2022ж.	24.11.2022ж.	25.11.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	"Жалпы дамыту жаттығулары. 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.				

		3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады)."				
		"Қане, көрсет" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, қабылдау, зейін, елестету, пантомималық қабілеттерін дамыту; көліктер туралы түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балаларды шеңберге немесе қатарларға тұруға ұсынуға, ырғақты әуенді қосып қоюға болады. Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)	**"Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.	**Тыныс алу жаттығулары** "Түлкіні тап" ойыны. Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу	**Қимылды қозғалыс ойындары** "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.	**Ритмикалық жаттығулар** "Қатарға тұрып билейік" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуен жазбасын қосып өткізуге

		Машина жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту) Пароход жүзіп келеді, қане, көрсетші. (Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) Мотоцикл жүріп келеді, қане, көрсетші. (Екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру) Тікұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (Қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту). Велосипед жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту, денені екі жаққа теңселту) Катер жүзіп келеді, қане, көрсетші.		жаттығуларын өзімен бірге орындатады.		болады. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Басты оң-солға бұрып, Қос иықты көтерейік. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Жоғары қол көтеріп, Бұлғап, төмен түсірейік. Қатарға тұрып билейік, Мүшелерді көрсетейік: Аяқты кезек көтеріп, Маршпен шапалақтап

		(Алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету) Автобус жүріп келеді, көрсетші. (Рөлді айналдырған сынай таныту)				жүрейік. Д. Ахметова.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Бір аяқпен кезек-кезек секіру". Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі жылдамдықпен баяу не жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин тоқтаусыз жүгіру; қосалқы қадаммен арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету		"Бір аяқпен кезек-кезек секіру" пысықтау"Бір аяқпен кезек-кезек секіру" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балаларға түрлі жылдамдықта баяу және жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин тоқтаусыз жүгіру; қосалқы қадаммен арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді пысықтау.		"Биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өту""Биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өту". Мақсат-міндеттері. Балаларға биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өтуді үйрету.

Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалды даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2**8.11 - 02.12.2022ж.**
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Четверг	Жұма
		28.11.2022ж.	29.11.2022ж.	30.11.2022ж.	01.12.2022ж.	02.12.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	"Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп ""міне"" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп ""міне"" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады). 3.Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде. 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып ""міне"" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).				

		4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады)."				
		"Күлімдейміз күндей" жаттығуы. Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды), Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді). Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді), Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді). Г. Кужагулова.	**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.	**Тыныс алу жаттығулары** «Жалаушаларды ұшыру, көкке көтеру» Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: түрлі-түсті кішкентай жалаушаларды балалар үрлеп ұшырады..	**Қимылды қозғалыс ойындары** "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар"	**Ритмикалық жаттығулар** "Ұшты, ұшты не ұшты?" ойыны. Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала

					болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы	айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді: Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! Ұшты - ұшты қарға ұшты! Ұшты - ұшты арба ұшты! Ұшты - ұшты дауыл ұшты! Ұшты - ұшты ұшақ ұшты! Ұшты - ұшты торғай ұшты! Ұшты - ұшты жылан ұшты!

					сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Арақашықтықты сақтаймыз""Арақашықтықты сақтаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға қадамды алмастыра жүру; орнынан биіктікке секіру; құрсаудың ішіне кіру (биіктігі 50 см), көлбеу басқышқа шығу; шеңбер жасағанда қолды жан-жаққа созып тік тұру дағдыларын қалыптастыру		"Қаппен қалай секіреді?" "Қаппен қалай секіреді?" Мақсат-міндеттері. Балаларға жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру; арқаннан аттап секіру; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лақтыруды үйрету; қадамды		"Хоп-фитболдармен секіру""Хоп-фитболдармен секіру" Мақсат-міндеттері. Балаларға хоп-фитболдармен (секіргіш гимнастикалық доптар) секіруді үйрету.

				алмастыра жүру дағдыларын дамыту.		
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалды даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 05.12 - 09.12.2022ж.
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Четверг	Жұма
		05.12.2022ж.	06.12.2022ж.	07.12.2022ж.	08.12.2022ж.	09.12.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	**Жалпы дамытушы жаттығу** 1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). 2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру. 2–1 жерге отыру, допты жерге қою. 2–2 бастапқы қалыпқа келу; 2–3 жерге отыру, допты жерге қою; 2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);				

		3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 3–1 еңкею, допты жерге қою. 3–2 бастапқы қалыпқа келу; 3–3 еңкею, допты жерге қою; 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)**				
		"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны Педагог балаларды екі командаға бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?"	**"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып,	**"Қорбаңдаған аю" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. Барысы: балалар бір қатарда, аю болатын бала қарама-қарсы жақта тұрады. Балалар тақпақты айтып аюға қарай жүреді. Балды жақсы көреді, Аю деген жануар. Қорбаңдап ол жүреді, Аю деген жануар. Осыдан кейін аю ойыншылардың артынан жүгіреді, ал	**Тыныс алу жаттығуы:** Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1. «Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ. 2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3. Ілгекті жолмен жүру. 4. Тастардың үстерімен жүру. 5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру.	**"Белгіні тыңда" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: жүрудің әртүрлі түрлерін жаттықтыру. Барысы: балалар қатар бойымен жүреді, педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқтың ішкі дағымен, сыртқы жағымен жүреді.

		дегенде балалар аюдың кейпіне түсіп, маймаңдап жүгіре бастайды. Педагог балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол команда жеңген болып есептеледі.	үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін. - Қарға не біолды? - Иә, қар ұшып кетті. - Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.	олар одан үйге қашады. Аю ұсталған баланы апанға апарады. Ойын қайта басталады. Аю 2-3 баланы ұстағаннан кейін, екінші бала "аю" болып тағайындалады.	6. Табандар арқылы жүру.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау"				

Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Бір, екі.. секіреміз!" Мақсат-міндеттер: балаларда сап түзеуден бір қатармен қайта тұру дағдыларын дамыту; балаларды түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) секіру; асықты дәлдеп лақтыруға үйрету.		"Бір, екі.. секіреміз! пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларда сап түзеуден бір қатармен қайта тұру дағдыларын дамыту; балаларды түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) секіру; асықты дәлдеп лақтыруды пысықтау.		"Арқаннан екпінмен қарғу" Мақсат-міндеттер: балаларды арқаннан (жіптен) секіру кезінде тез және екпінмен қарғуға үйрету.
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалдық даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.12 –16.12.2022ж.
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Четверг	Жұма
		12.12.2022ж.	13.12.2022ж.	14.12.2022ж.	15.12.2022ж.	16.12.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	**Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).** 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, ""желбіре"" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, ""желбіре"" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.4. Бастапқы қалып: (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп ""жаса"" деген сөзді айтады.				

		2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп ""тербе"" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).				
		"Көк жалау" қимылды ойыны Мақсат-міндеттер. Намысшылдыққа, патриотизмге, ептілікке баулу. Ойын шарты. Балаларды екі командаға бөліп, бір сызықты белгілейді, екі команда екі жақтағы шекарада болу керектігін айтады. Педагогтің қолында бір жалау болады. Бір команда балалары "мемлекет", екінші команда балалары "ру" болады. "Ру" мемлекет болуы	**«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)** Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды. Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ұлпақар. 1, 2, 3, 4, 5 Ұлпақарлар ұш!	**"Топ-топ басайық" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету . Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру) Жалаудан күн жасайық (қоладарын көтеру) Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты нық басып жүру) Жаса, жаса, алтын	**Ритмикалық жаттығулар** Мақсаты. Балаларды мәтінді педагогтан кейін айта отырып, жаттығулар жасауға үйрету. Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. 1, 2, 3, 4, 5 Секіреміз, Айналамыз, Жаттығу жасаймыз!	

		үшін қарсыдағы мемлекеттің туын алу керек. Егер алса, мемлекет құлайды, ала алмаса, мемлекетке бағынады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай ойнайды, сол команда жеңген болып есептеледі. Ойын кезінде жалауға таласып қалмау керектігі ескертіледі. Балалар бұл ойынды алғашқы рет ойнап жатқандықтан әділ төреші педагогтің өзі болады.	(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)	күн Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Арқаннан тез қарғу" Мақсат-міндеттер: балаларды заттардан аттап аяқ ұшымен жүру; оң және сол		"Бағытты өзгертіп жүру" Мақсат-міндеттер: балаларды қолды еденге, құрсаудың		

		аяғын кезектестіріп секіру; кедергілер арасынан және қолды еденге тигізбей доға астынан еңбектеуге үйрету.		шетіне тигізбей оң және сол жақ бүйірімен топталып құрсаудың ішінен өту; допты екі қолымен заттар арасымен жүргізуге (арақашықтығы 4 м) үйрету.		
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалды даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 19.12- 23.12.2022ж.
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Четверг	Жұма
		19.12.2022ж.	20.12.2022ж.	21.12.2022ж.	22.12.2022ж.	23.12.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	Жалпы дамыту жаттығулары (доппен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды. 2.2. Бастапқы қалып: (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4.Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.				

		4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).				
		"Кім епті?" қимылды ойыны Ойын шарты. Педагог балаларды екі командаға бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру керектігін айтады. Педагог секірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай секіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез секіреді, сол команда жеңген болып есептеледі.	**Тыныс алу жаттығулары** "Түлкіні тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге	**"Ақ қоян" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Барысы: балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. – Ақ қоян-ау, ақ қоян! Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы, Бетіңді жусаңшы,	**Тыныс алу жаттығулары** «Мақтаны ұшырайық» Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: ақ ұлпа жұмсақ мақталарды терең дем алу арқылы балалар үрлеп ұшырады .	**«Допты кері лақтыр» қимылды ойыны** Мақсат-міндеттер: допты дәл лақтыру және ұстап алу. Барысы: балалар екі қатарға тұрады. Бірінші қатардағы балалардың қолдарында бір доптан бар. Олар қарама-қарсы қатардағы балаларға доптарын лақтырады. Допты құлату саны ең аз болатын топ жеңіске жетеді.

			орындатады.	Әдемі көйлек кисеңші. Шеңбердің шетін үзсеңші, - дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00					
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Биікке секіріп шығу" Мақсат-міндеттер: балаларды алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып,		"Биікке секіріп шығуды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды алға		"5 метр қашықтықтан допты жерге соғу" Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метр қашықтыққа алға

		қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м); 20 см дейінгі биіктіктікке секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыру.		қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м); 20 см дейінгі биіктіктікке секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыруды пысықтау.		жылжи отырып, оң және сол қолмен кезек-кезек допты жерге соғуға үйрету.
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалды даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.12 - 30.12.2022ж.
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Четверг	Жұма
		26.12.2022ж.	27.12.2022ж.	28.12.2022ж.	29.12.2022ж.	30.12.2022ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	**Жалпы дамытушы жаттығулар** 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау; 1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау); 1-2 бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау; 2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау); 2-2 бастапқы қалыпқа келу;				

		3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.				
		"Қап тасиық" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, қолдарындағы қапты бастарына қойып, ағаш егу үшін торға салу керегін айтады. Әр топтан шыққан бала ережеге сай тапсырма орындауы керек. Балалардың қайсысы ережеге сай және қапшаларды тез жеткізсе, сол топтың балалары жеңген болып есептеледі.	**Тыныс алу жаттығулары** "Шар" Қолға алып, желі жоқ әуе шарын, Үрлейміз шарымыз дәу болғанша. Дем алып, мұрынмен дем шығарып, Үрлейміз ішіне жел толғанша. Дем алып, мұрынмен дем шығарып, Үрлейміз ішіне жел толғанша.	**"Сыйлықтар" қимылды ойыны.** Педагог балаларды бір сапқа тұрғызады. Балалар кезекпен бөренеңің үстінен адымдап жүру керек. Соңына жеткен кезде бөренеңің екінші жағында балаларға арналған сыйлықтар тұрады. Сыйлық ретінде кішкентай доптарды пайдалануға болады. Әрі қарай ойынды күрделендіру мақсатында кішкентай доптармен ойын ұйымдастыруға болады. Мысалы: кішкентай доптарды жерге шашып тастайды. Балаларды екі топқа бөледі. Әр топтың алдында бір	**Тыныс алу жаттығуы** «Шарды үрлейміз» Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: бала шарды алып, алдымен қатты, сонан соң жаймен үрлейді.	**"Өз үйіңді тап!" қимылды ойыны.** Шарты: жүргізуші сайланады. Қалған балалар алдын-ала өздеріне орын таңдайды. Ол олардың "үйі" болмақ. Олар зал ішінде музыка әуенімен секіреді, жүреді, жүгіреді. Педагогтің белгісі бойынша әр бала өз үйіне жүгіреді. Жүргізуші кез-келген бір баланың үйін кіріп алады. Үйсіз қалған бала жүргізуші болады.

				себеттен тұрады. Педагог белгісі бойынша әр топ өз себеттеріне мүмкіндігінше көп доптар жинауы керек. Ең көп доп жинаған топ, жеңіске жетеді.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Кезек-кезек допты жерге соғу" Мақсат-міндеттер: балаларда сызықтан аттап секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу; тұрған орнында айналу дағдыларын дамытуды жалғастыру; балаларды әр қадам сайын допты алдынан қолдан-		"Допты жерге соғу ойындары" Мақсат-міндеттер: балаларды әр қадам сайын допты артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық үстімен, кедір-бұдыр тақтай үстімен жүруге үйрету.		"Екі тобық арасына доп қысып алып жүру" Мақсат-міндеттер: балаларды екі тобық арасына доп қысып алып жүруге үйрету.

		қолға ауыстыра отырып орындық үстімен, кедір-бұдыр тақтай үстімен жүруге үйрету.				
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалды даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.01- 06.01.2023ж.
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Четверг	Жұма
		02.01.2023ж.	03.01.2023ж.	04.01.2023ж.	05.01.2023ж.	06.01.2023ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	**Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).** 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.				

		3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).				
				"Қимылдарды қайталаймыз". Мақсат-міндеттер. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім	**"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. -	**Тыныс алу жаттығулары** «Мұрынмен дұрыс тыныста, ауызбен дұрыс дем шығар» Мақсаты: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Шарты: Балалар мұрынмен терең тыныс алып, ауызбен ауаны ұртқа жинамай, жәйменен дем шығарады.

				қателессе, сол жүргізуші атанады.	Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер	

					жинағы, фотоаппарат немесе смартфон.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15			"Екі тобық арасына доп қысып алып жүру" Мақсат-міндеттер: балаларды екі тобық арасына доп қысып алып жүруге үйрету.	Қысқы демалыстар	Қысқы демалыстар
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалды даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 09.01- 13.01.2023ж.
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Четверг	Жұма
		09.01.2023ж.	10.01.2023ж.	11.01.2023ж.	12.01.2023ж.	13.01.2023ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	**Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).** 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).				

		4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).				
		«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта) Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды. Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ұлпақар. 1, 2, 3,4, 5 Ұлпақарлар ұш! (алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)	**"Торғайлар мен мысық" қимылды ойыны** Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру; зейіндерін, байқағыштықтарын және жүгіру дағдыларын дамыту. Ойынның шарты: жерді шеңбермен белгілеу керек. Ортада Педагогпен тағайындалған бала жүреді – ол	**Тыныс алу жаттығуы «О-у-м» дыбыстары** Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, музыка ойнамас бұрын алдымен дыбыстарды айту арқылы миымызды дем алдырып алайық. - «О-о-у-у, м-м-м-м… » деп созып, дыбыстарды айту бас миының барлық бөлігіне оң әсер етеді. - Бастапқы қалыпты ұстап, еркін тұрамыз. - Енді, терең дем	**Қимылды ойын. Ұлттық ойын «Бәйге». (дене шынықтыру)** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.	**"Бір мұрын куысымен тыныста" тыныс алу жаттығуы.** Мақст-міндеттер: балаларды тыныс алу бұлшық еттерін, жоғарғы және мұрын қуыстарындағы тыныс алу жолдарын шынықтыра білу қабілеттерін дамыту. Бастапқы қалып - отырып, тұрып, денені тұзу, бос ұстау. Оң қолдың сұқ саусағымен он мұрын куысын жауып, сол мұрын қуысымен ақырын

			мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында - олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, педагог жаңа мысықты	алып, ауаны сыртқа шығарған кезде дыбыстарды келесі ретпен «О-о-у-у, м-м-м-м… » деп созып, қатты дауыстап айтамыз. Оларды барынша созып айтамыз. - Тағы да қайталаймыз, О-о-у-у, м-м-м-м… - Енді, музыка әуенімен тыныс алу жаттығуларын жасаймыз.		ұзақ тыныс алу (төмен, орташа, жоғары тыныспен) Тыныс алып болған соң, мұрынның оң қуысын ашып, сол қолдың сұқ саусағымен сол мұрын қуысын жауып, оң мұрын қуысымен ұзақ тынысты сыртқа шығару керек, қарында «шұқыр» болғанша. 3-4 рет. (осылайша келесі мұрын қуысымен де)"Бір мұрын қуысымен тыныста"тыныс алу жаттығуы. Мақсты: балаларды тыныс алу бұлшық еттерін, жоғарғы

			таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.			және мұрын қуыстарындағы тыныс алу жолдарын шынықтыра білу қабілеттерін дамыту. Бастапқы қалып - отырып, тұрып, денені тұзу, бос ұстау. Оң қолдың сұқ саусағымен он мұрын куысын жауып, сол мұрын қуысымен ақырын ұзақ тыныс алу (төмен, орташа, жоғары тыныспен) Тыныс алып болған соң, мұрынның оң қуысын ашып, сол қолдың сұқ саусағымен сол мұрын қуысын

						жауып, оң мұрын қуысымен ұзақ тынысты сыртқа шығару керек, қарында «шұқыр» болғанша. 3-4 рет. (осылайша келесі мұрын куысымен де).
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау"				
Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Екі тобық арасына доп қысып алып жүруді пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды екі тобық арасына доп қысып алып жүруге үйрету.		"3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату" Мақсат-міндеттер: балаларды 3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалатуға үйрету.		Доппен жаттығулар Мақсат-міндеттер: балаларды тізені жоғары көтере отырып секіргіштен аттау арқылы жүру; 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, оң қолмен лақтыруға үйрету.
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-				

		қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалды даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 16.**01- 20.01.2023ж.**
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		16.01.2023ж.	17.01.2023ж.	18.01.2023ж.	19.01.2023ж.	20.01.2023ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	**Жалпы дамыту жаттығулары.** 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.				

		3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).				
		"Алып және ергежейлі" тыныс алу жаттығуы. – Балалар, өзімізді "Алып" деп санап көрейік. Ол үшін демді ішке тартамыз да, аяқтың ұшымен тұрамыз. Қолымызды жоғары көтереміз. Тамаша! – Мүмкіндігінше бар күшімізбен созыламыз. – Ал енді, біз "Ергежейліге" айналамыз. Баяу қолымызды түсіреміз, демімізді сыртқа	**Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестеіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз	**Тыныс алу жаттығулары** "Түлкіні тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Біріннің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу	**"Қар ұлпалары" эстафета ойыны.** Педагог балаларды екі топқа(команда) бөледі. Жерде жатқан ұлпа қарларды балалар себетке салу керек. Ең көп ұлпа қарларды жинаған топ балалары жеңіске жетеді.	"**Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын

		шығарамыз. Қос аяқтап жерге отырамыз, қолдарымызды еденге тигіземіз. Басымызды еңкейтіп, иекті мойынға тигіземіз. – Жарайсыңдар! Нағыз "Алыптар мен ергежейлілер" болыңдар! Тыныс алу жаттығуын 4-5 рет қайталау.	қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндардың" рөлін ойнайды. Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан кейін бір жасырын жерге барып, алаңды алыстан бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен"	жаттығуларын өзімен бірге орындатады.		ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін. - Қарға не болды? - Иә, қар ұшып кетті. - Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.

			шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты олардың аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, өз орындарына			

			жылдам қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санайды, соған қарай ұпай беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздік сақталуын қадағалайды. Белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, допты лақтыруды, күштерін бағыттауды дамыту.			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	08.50 - 09.00	"Атрибуттарды дайындау"				

Ұйымдастырылған іс-әрекет 09.00 - 11.00	09.00 - 09.15	"Доппен эстафеталар" Мақсат-міндеттер: балаларды құрсауларды айналдырып, олардың ішінен өтуге үйрету.		"Бөрене үстімен төрт тағандап еңбектеу" Мақсат-міндеттер: балаларды бөрене үстімен алақан мен табанға сүйене отырып төрт тағандап еңбектеуге үйрету.		"Еңбектеу жаттығулары" Мақсат-міндеттер: балаларды 2 мин. дейін заттардың арасымен үздіксіз жүгіру; қысқа секіртпемен қос аяқтап секіру; арқаға қапшық қойып төрт тағандап еңбектеуге үйрету.
Серуен	11.10 - 12.10	Балалардың серуендегі қимыл-қозғалысын бақылау, ашық ойындарды бекіту, негізгі қимыл-қозғалыстарын дамыту бойынша жаңа және белсенді емес балалармен жеке жұмыс.				
Өзіндік жұмыс	12.15 - 13.00	Құжаттамамен жұмыс, жоспарларды, циклограммаларды жазу.				

Дене шынықтыру нұсқаушысының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Білім беру ұйымы: «Мағжан» бөбекжайы
Іс-әрекет: Дене шынықтыру
Тобы: «Мағжан» «Айзере» «Алина» «Арлан» мектепалды даярлық топтар
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 23**.01- 27.01.2023ж.**
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Оразбаева Т Б.

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Четверг**	**Жұма**
		23.01.2023ж.	24.01.2023ж.	25.01.2023ж.	26.01.2023ж.	27.01.2023ж.
Таңғы жаттығуға дайындық	7.55	Таңғы жаттығуға дайындық				
Таңғы жаттығу	08.00 - 08.45	**Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).** 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалаумен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, жалауды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).				

